

Дербес деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім

Қазақстан Республикасы, Нұр-сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел көшесі, 55/16, 339-340 кеңсе (бұдан әрі – **«Оператор»**) мекенжайы бойынша орналасқан Otokar Central Asia Limited (БСН 191140900091) жеке компаниясына өз дербес деректерін жинауға, өңдеуге келісім беремін.

1. Жалпы ережелер:

- 1.1. Дербес деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға берілген осы Келісім (бұдан әрі – **«Келісім»**) менің құқықтарым мен бостандықтарымды қорғауға бағытталған.

2. Дербес деректерді өңдеу туралы мәліметтер

- 2.1. Оператор осы келісімнің 3.1-тармақта көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін дербес деректерді өңдей алады.
- 2.2. Оператор дербес деректерді автоматтандырылған және автоматтандырылмаған тәсілдермен, есептеу техникасы құралдарын пайдалана отырып және осындай құралдарды пайдаланбай өңдей алады.
- 2.3. Дербес деректерді өңдеу жөніндегі іс-әрекеттер жинақтауды, сақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді, бұғаттауды және жоюды қамтиды.
- 2.4. Осы Келісім дербес деректерді трансшекаралық беруге де қолданылады және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруді қамтиды.

3. Клиенттердің дербес деректерін өңдеу

- 3.1. Оператор дербес деректерді «Астана» халықаралық қаржы орталығының заңнама нормаларын сақтай отырып:
 - 3.1.1. өтініштер мен өтінімдерді қабылдауға;
 - 3.1.2. жаңа тауарлар, арнайы акциялар мен ұсыныстар туралы ақпараттандыруға;
 - 3.1.3. электрондық кассалық чекті электрондық нысанда жіберуге;
 - 3.1.4. ақпараттық жіберілім ретінде өңдей алады.
- 3.2. Келісім осы веб-сайтта *«[www.otokarcentralasia.kz]»* (бұдан әрі – **«Веб-сайт»**) тапсырысты ресімдеуді, жеке кабинетте тіркеуді, жіберілімге жазылуды, сондай-ақ осы Келісімге сәйкес келісу туралы белгі қоюды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, нақты іс-әрекеттер жасау жолымен ұсынылады.
- 3.3. Егер «Астана» халықаралық қаржы орталығының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Оператор дербес деректерді өңдеу мақсаттары талап еткеннен аспайтын мерзімде өңдей алады.
- 3.4. Оператор келесі дербес деректерді өңдей алады:
 - 3.4.1. тегі, аты, әкесінің аты;
 - 3.4.2. байланыс телефонының нөмірі;
 - 3.4.3. электрондық пошта мекенжайы.

4. Менің құқықтарым

- 4.1. Менің құқығым бар:
 - 4.1.1. пайдаланылатын менің дербес деректерімді ұсыну туралы сұрау салуға;

- 4.1.2. егер менің дербес деректерім толық емес, ескірген, дәл емес болып табылған жағдайда, оларды нақтылауға (өзгертуге);
- 4.1.3. мен оператордың атына жіберілуі мүмкін тиісті жазбаша құжат жасау арқылы осы Келісімді кері қайтарып алуға;
- 4.1.4. менің құқықтарым мен заңды мүдделерімді қорғауға, соның ішінде сот тәртібімен залалдарды өтеуге және моральдық зиянды өтеуге;

5. Қорытынды ережелер

- 5.1. Осы Келісім «Астана» халықаралық қаржы орталығының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі. Дербес деректерді өңдеуге және қорғауға байланысты және осы Келісіммен реттелмеген мәселелер «Астана» халықаралық қаржы орталығының заңнамасына сәйкес реттелуге жатады.